



Әл-Фараби атындағы
қазақ ұлттық
университеті

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік
университеті



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА МЕКТЕПТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ФАКУЛЬТАТИВТІК
КУРСТАРДЫҢ АЛТЫН СЕРИЯСЫ

■ Экономиканың негіздері

БАҒДАРЛАМА

Павлодар

ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Е.Б. Жатқанбаев, Л.Э. Бимендиева, Ғ.Р. Дәулиева, Б.Ж. Көкілов

№	Тақырыптардың аталуы	Сағат
	Теориялық бөлім	
	I. Экономика дегеніміз не?	2
	1. Ресурстардың шектеулілігі	
	2. Экономика: шектеулілік және таңдау туралы ғылым	
	3. Өндіріс қалай ұйымдастырылады?	
	4. Неізгі экономикалық мәселелер	
	II. Нарықты басқарушы күштер	2
	1. Сұранысқа не әсер етеді?	
	2. Ұсыныс неліктен өзгереді?	
	3. Тепе – теңдік бағасы	
	4. Нарық қалай қызмет етеді?	
	III. Ақша әлемі	2
	1. Ақша деген не?	
	2. Ақша жүйеі	
	3. Инфляция феномені	
	IV. Фирма дегеніміз не және ол қалай қызмет етеді?	2
	1. Фирма шығындары	
	2. Фирма пайдасы	
	3. Бәсекелестік дегеніміз не?	
	V. Отбасының табыстары және ақшалай шығыстары	3
	1. Отбасы табыстары	
	2. Табыстардың кездері	
	3. Отбасының шығыстары және олардың өзгеру заңдылықтары	
	4. Табыстардың теңсіздігі және оның салдары	
	VI. Мемлекеттің экономикалық міндеттері	3
	1. Мемлекеттік бюджет	
	2. Экономикалық өсу	
	Барлығы:	14
II	Тәжірибелік белім	10
III	Ғылыми-зерттеушілік жұмыс	8
IV	ҒЗЖ-ды қорғау	2
	Барлығы:	34

I. ЭКОНОМИКА ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Американдық экономист, Нобель сыйлығының лауреаты П. Самуэльсонның пікірінше: «Экономика туралы әркім бала кезінен біледі». Өйткені, күнделікті ішетін асымыз, киінетін киіміміз, тұратын үйіміз, уйірмелерге қатысу, лагерьде демалу - осылардың барлығы экономикалық күштерге тәуелді анықталады. Осы күштерді дұрыс ұғыну сіздің ойыңыздағы «Экономиканы не үшін оқу қажет?» деген сұраққа жауап береді.

1. РЕСУРСТАРДЫҢ ШЕКТЕУЛІЛІГІ

Адамның өзі қалаған барлық, нәрсеге ие бола алмайтынын кез-келген бала все келе ұғына бастайды. Мысалы, сізге күнделікті ата-ананың 100 теңге береді, оның 30 теңгесін жол ақысына жұмсайсыз, қалғанына ыстық тамақ. ішкіңіз, әлде балмұздақ жегіңіз, киноға барғыныыз, бейне таспаны прокатқа алғыңыз келеді. Осылардың ішінен тек біреуін не екеуін ғана таңдау қажет болады. Мұндай таңдауды тек мектеп оқушысы емес, кез-келген жеке адам, бизнесмен, миллионер, эстрада жұлдызы, тұтас қоғам да жасайды. Себебі, адамдардың қажеттілігі шексіз, ал оны қанағаттандыратын өнім мен қызметті өндіру үшін қолданылатын заттар - *ресурстардың* шегі бар. Осы шекке жеткен кезде, одан әрі ештеңе өндіру мүмкін емес. Яғни, қолымыздағы бар ресурсты толық пайдалана отыра, бір нәрсені артық өндіру үшін басқа нәрсені өндіруді кемітуіміз қажет.

Қорыға келгенде, адамның қажеттілігі, тұтынуы шексіз, ал оны қанағаттандыруға қажеті ресурстар шектеулі болады, сондықтан барлық қоғамдағы бірден-бір мәселе - *мүмкіндіктердің шектеулілігі* мәселесі.

2. ЭКОНОМИКА: ШЕКТЕУЛІЛІК ЖӘНЕ ТАҢДАУ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМ

Ресурстардың шектеулілігі жағдайында шексіз қажеттіліктерді толық қанағаттандыру мүмкін еместігі өз кезегінде жеке адам, фирма және үкімет алдына олардың тілектері арасынан таңдай білуі және барынша көп пайда алу үшін унемді пайдалануға үйрену қажеттігін қояды. Осыған байланысты, экономикаға мынадай анықтама беруге болады: *экономика* — шектеулі ресурспен қажеттілікті қанағаттандыру үшін қоғам және адамдардың таңдауын, мінез-кұлқын талдайтын, жүйелеп баяндайтын қоғамдық ғылым.

Таңдау қажеттігі әркімнің табысына, тұрмыс халіне, несие алу мүмкіндігіне байланысты анықталады. Таңдау мәселесі мына жағдайды білдіреді:

табыса білуі, түсіне білуі сияқты басқа да қасиеттері элеуметтік капиталға жатады.

4. НЕГІЗГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Шектелген ресурстар жағдайында өндіріс факторларын тиімді бөлу қажет, яғни оларды пайдалануда ең тиімді әдістерді табу қажет. Ол үшін әрбір қоғам мынадай міндеттерді шешуі қажет: 1) **НЕ ӨНДІРУ ҚАЖЕТ** - қандай игіліктерді қандай көлемде, қандай сапада өндіру қажеттігі туралы шешім қабылдау; 2) **ҚАЛАЙ ӨНДІРУ ҚАЖЕТ** - игіліктерді қандай шектелген ресурсты пайдалану, оларды қалай қисындастыру арқылы, қандай технологияның көмегімен өндіруге болаты-

игіліктерді кімдер, қандай көлемде тұлынатыны жөніндегі мәселе.

Аталған сұрақтарға жауап беру тәсілі бойынша экономикалық жүйелер төрт типке бөлінеді. Дәстүрлі экономикада не?, қалай?, кім үшін? сұрақтарына елдің салт-дәстүрі негізінде жауап беріледі. Әдетте, мұндай жүйелер оқшауланған тайпаларда, елдерде кездеседі және көбіне ауыл шаруашылығымен, балық, аң аулаумен шұғылданады. Орталықтандырылған эміршілдік экономика негізгі экономикалық мәселелердің шешімін үкіметтік жоспарлаушы органдар анықтайды. Бұл жүйеге мемлекеттік меншік және басқару тән.

Нарықтық экономикада жоғарыдағы сұрақтар тұлынушылар мен сатушылардың әрекеттеріне, яғни нарықтағы сұраныс пен ұсынысқа байланысты шешіледі. Бұл жүйе еркін кәсіпкерлік жүйесі деп те аталады, жеке меншік және пайданы барынша арттыру оның негізгі элементтері болып табылады. Бүгінде нарық күштері экономикалық шешімдерді анықтағанымен, «ойын ережелерін» белгілеуде мемлекеттің ролі барған сайын нығая түсуде. Мұндай жүйе аралас экономика ретінде сипатталады.

ҚОРЫТА КЕЛГЕНДЕ экономика шектелген мүмкіндіктер және таңдау туралы ғылым. Ресурстардың шектеулілігі өндіріс факторларын тиімді пайдалану мәселесін қояды. Бұл үшін әрбір қоғам не?, қалай?, кім үшін? сұрақтарына жауап табуы қажет. Осы сұрақтарға жауап беру өдістері экономикалық жүйе сипатына байланысты болады. Нарықтық экономикада сұраныс және ұсыныс арқылы, аз шығын жұмсай отыра көп табыс алу қамтамасыз етіледі. Сондықтан II - тарауда нарықты басқаратын, реттейтін күштермен танысамыз.

II. НАРЫҚТЫ БАСҚАРАТЫН КҮШТЕР

Нарық - Не, Қалай, Кім сұрақтары баға, сұраныс және ұсыныс арқылы шешілетін, өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы экономикалық қарым-қатынас жүйесі. Нарықтық шаруашылықтың негізгі тұлғаларының таңдауына, шешімдеріне нарықтағы баға әсер етеді. Ал баға деңгейі, оның ауытқуы сұраныс және ұсыныс күштерімен анықталады.

1. СҰРАНЫСҚА НЕ ӘСЕР ЕТЕДІ?

Сұраныс - адамдардың тауарлар мен қызметтерді сатып алу тілегі және мүмкіндігі. Демек, сұраныс әдетте төлем қабілеті бар қажеттілікті көрсетеді. Сұранысқа ең алдымен баға әсер етеді: баға төмендеген сайын сұраныс өседі және керісінше. Баға мен сұраныс көлемі арасындағы кері тәуелділік *сұраныс заңы* деп аталады. Ол графикте *сұраныс қисығы* (D-demand) түрінде бейнеледі. Сұраныс көлемінің өзгеруі сұраныс қисығы бойымен көрсетіледі.

бірдей болмайды. Егер жай нан мен тәті бөлкеге баға екі есеге артса, онда нанның сатылу көлемі бөлкенің сатылу көлеміне қарағанда аз төмендейді. Бұл *икемділік* ұғымы арқылы түсіндіріледі. Сұраныс икемділігі баға өзгерісінің сұраныс көлеміне қандай дәрежеде әсер ететіндігін көрсетеді. Күнделікті қажет, алмастырылуы қиын тауарларға сұраныс *икемсіз* болады. Оған тулынушының лажсыздық жағдайы да әсер етеді.

Кейбір жағдайларда, сұраныс (өсуі немесе төмендеуі) бағаны өзгертпесе де өзгеруі мүмкін. Бұл жағдайда сұраныс қисығы солға немесе оңға мынадай факторларға (бағалық емес) тәуелді жылжиды: балама және толықтырушы тауарлардың бағасы; қоршаған ортадағы өзгерістер; заттың пайдалылығының; табыстың; сәннің, талғамның, дағдының, т.б. өзгеруі.


2. ҰСЫНЫС НЕЛІКТЕН ӨЗГЕРЕДІ?

Ұсыныс - сатушының тауарлардың белгілі бір санын рынокқа сату үшін шығару тілегі және мүмкіндігі. Баға деңгейі жоғары болған сайын, сатушы тауарларды көбірек ұсынады, баға төмен болса, тауарды аз көлемде ұсынады. Бұл *ұсыныс заңымен* байланысты. Неліктен ұсынылатын тауарлардың саны олардың бағасына тәуелді? Себебі, өндірушілер барынша мол пайда табуға ұмтылады, ал жоғары баға оларды көбірек өндіруге, сатуға ынталандырады. Ұсыныс заңы

графиктік түрде *ұсыныс қисығы* (S-supply) арқылы көрсетіледі. Ұсыныс көлеміндегі өзгеріс ұсыныс қисығы бойындағы қозғалыспен сипатталады. Ұсыныстың өзгеруі, яғни ұсыныс қисығының солға немесе оңға жылуы мынадай бағалық емес факторлардың әсерінен болады: ресурс бағасының өзгеруі; технологиядағы өзгерістер; салықтың өзгеруі; басқа тауарлардың бағасы; келешекті болжау.

3. ТЕПЕ-ТЕҢДІК БАҒАСЫ

Сұраныс пен ұсыныстың қисықтары жеке дара алсақ, нақты сату-сатып алудың қандай бағада жүретінін айта алмаймыз. Осы екі күшті біріктірсек, яғни бірге қарастырсақ, онда нарық белгілейтін тепе-теңдік бағасы анықталады. *Тепе-теңдік бағасы* сұраныс көлемі ұсынысқа нақты тең болатын баға. Демек, тепе-теңдік баға сұраныс және ұсыныс қисықтарының қиылысқан нүктесінде қалыптасады.



Сурет. Экономикалық тепе-теңдік.

Егер сұраныс ұсыныстан артық болса, басқаша айтқанда қанағаттандырылмаған сұраныс немесе тапшылық орын алса, баға әрдайым өседі, және оның өсуі сұраныс пен ұсыныс бір-біріне теңескенше жалғаса береді. Енді керісінше, ұсыныс сұраныстан артық болған жағдайдағы молшылық бағаның төмендеуіне әкеледі және оның кемуі ұсыныс сұраныспен теңескенше жалғаса береді. Сәйкесінше сұраныс және ұсыныс қисықтары оңға немесе солға ығысады, осы арқылы жаңа тепе-теңдік бағасы анықталады.

§4. НАРЫҚ ҚАЛАЙ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ?

Сұраныс және ұсыныс арқылы нарық экономикасында не өндіру қажеттігі анықталады. Өндірушілердің мақсаты - пайда табу, олар сұраныс бар тауарларды тұтынушының қалаған бағада, көлемде өндіруге, сұраныс артқан кезде олардың бағасын көтеріп барынша көп пайда табуға ұмтылады. Егер өндірушілер сұранысты ескермей, өз қалауларына сай көлемде, бағада өнім өндірсе, олар үлкен шығынға ұшырайды. Пайданы арттыру үшін өндірушілер бір тауарды өндіруге кететін шығындарды, өзіндік құнды азайтуға тырысады. Осы мақсатта олар жаңа технологияларды, техниканы қолданады. Өзіндік құнның азаюы өндірушілерге нарықтық баға жағдайында бірнеше есе пайда алуға, ал нарықтық баға төмендеген жағдайда шығынға ұшырамауына мүмкіндік береді. Осы арқылы қалай өндіру қажет деген мәселе шешіледі. Нарықтық баға игіліктерді кімдер пайдаланып, кімдер пайдаланбайтынын анықтайды. Осы арқылы шектелген ресурстарды тұтынуға шек қою тәсілін үйретеді.

Экономикалық ілімдер тарихынан

Альфред Маршалл (1842-1924)

Алғаш рет нарық күштері ағылшын экономисі Альфред Маршаллдың «Экономика ғылымының қағидалары» еңбегінде талданды. Оның теориясында экономикалық үдерістер тепе-теңдік бағасы терминдерінде түсіндіріледі. Маршаллдың экономикалық теорияға қосқан тағы бір үлесі - ол қысқа және ұзақ мерзімді кезеңдерде сұраныс пен ұсыныстың бағаға әртүрлі әсер ететін көрсетті. Осы екі факторды өзара салыстыра келе, оларды қайшының екі жүзіне теңеп, бір-бірінсіз қызмет ете алмайтындығын дәлеледі. Маршаллдың ізденістері арқылы әйгілі «Маршаллдың кресті» пайда болды.

ҚОРЫТА КЕЛГЕНДЕ нарықтық экономика баға арқылы басқарылады. Баға сұраныс пен ұсыныс ауытқулары нәтижесінде өзгере отыра, сатушылар мен сатып алушыларға ишара жасайды. Сұраныс және баға арасындағы байланыс кері тәуелділікте, ал ұсыныс пен баға арасындағы байланыс тура тәуелділікте. Баға өзгерісінің сұранысқа әсер ету дәрежесі осы тауарға сұраныс икемділігіне байланысты. Сұраныс және ұсыныс көлемдері бір-біріне тепе-тең болған кезде, графикте осы қисықтардың қиылысқан нүктесінде тепе-теңдік бағасы қалыптасады. Сұраныс пен ұсыныс, басқаша айтқанда сатып алу және сату қатынастары ақша арқылы жүзеге асады. Сондықтан III тарауда ақшаға қатысты маңызды мәселелер қарастырылады.

III. АҚША ӘЛЕМІ

«Ақша» дегенде алдымен сіздің ойыңызға қалтаңыздағы тиындар және қағаз ақшалар түседі. Алайда бүгінгі ақшалардың өзіндік пайда болу тарихы бар, оны әрбір экономикалық мектеп түрліше түсіндіреді. Қалай дегенде де ақшалар қашанда экономикада ерекше маңызды роль атқарады.

§1. АҚША ДЕГЕН НЕ?

Тауар өндірісінің алғашқы даму сатысында айырбас ақшаның көмегінің жүрген. Өндірушілердің бір-бірімен байланыстары бір тауарды басқа тауарға айырбастау, яғни *бартер* арқылы жүзеге асып отырған. Сондай-ақ әр түрлі халықтарда ақшаның тұнғыш формасы ретінде ерекше танымал айырбас құралдары қолданды. Мысалы, азық-түлік тауарлар (мал, шәй, бидай), аң терілері, қолөнер бұйымдары, т.б. болды. Бірақ осы тауарлар ақша форма ретінде кең тарамады, өйткені барша территорияларда қызмет ете алмады. Бара-бара ақшаның рөлін асып металлдар, алдымен кесек, содан соң монета түрлерінде атқарды (алтын, күміс, қола және т.б.). Бүгінгі күндерде бізге қағаз ақша танымал. Алғашқы рет қағаз ақша 812 ж. Қытайда пайда болды.

Ал дүние жүзінде алғашқы банкноталар 1661 ж. Стокгольм қаласында шығарылған.

Міне осылай, экономикалық тарихи даму барысында, ақша пайда болды. Экономикалық тұрғыда, *ақша* - жалпы эквивалент ролін атқаратын, өтімділігі, яғни «жедел сатылып өткізілу қабілеті» жоғары ерекше тауар.

Экономикада ақшаның ролі мен маңызы оның атқаратын қызметтерінен көрінеді:

Ақшаның күн өлшемі ретіндегі қызметі. Ақша кез-келген заттың құнын бізге түсінікті түрде жеткізу үшін қолданылады. Мысалы, 1 кг алма 150 теңге тұрады десек, біз алманың құнын ақша арқылы өлшейміз. Заттың құнының ақшалай түрі, оның бағасы болып табылады.

Ақша - айналыс құралы қызметін атқарады. Бартерге негізделген экономикада сіз өзіңізге қажет тауары бар өндірушіні табуыңыз қажет және сіздің тауарыңыз оған қажет болуы керек («Мақта қыз» ертегісін есіңізге түсіріңіз). Ал, ақшаны қолданған жағдайда сіз өз тауарыңызды кез-келген адамға сатып, өзіңізге қажет тауарды кез-келген адамнан сатып аласыз. Демек, ақша - тауар айырбасын жеңілдетуші құрал.

Ақшаның қорлану (жинау) құралы (қазына) ретіндегі қызметі ақшаның болашақта сатып алу қабілетін сақтаумен байланысты. Өндірілген тауарды сатып өткізгеннен кейін ақша әдетте банкте, болашақта басқа тауар сатып алу мақсатында жинақталады. Бұл мақсатта ешкім алма жинамайды. Ақша аса өтімді болғандықтан, ол байлықты сақтаудың қолайлы формасы болып табылады. Нарықтық жүйе қазынаның пайда әкелетін капиталға айналуына мүмкіндік береді, негізінен кредиттік жүйесі арқылы.

§2. АҚША ЖҮЙЕСІ

Ақша жүйесі - бұл әрбір елде тарихи түрде қалыптасқан және мемлекеттің заң бойынша белгілеген ақша айналысын ұйымдастырудың формасы.

Ақша айналысы - бұл төлем құралы мен айналыс құралы қызметтерін атқаратын ақшаның үздіксіз қозғалысы.

Ақша жүйесінің негізгі элементтері мыналар:

- ақша бірлігі мен баға масштабының атаулары;
 - ақша белгілерінің түрлері, оларды шығару тәртібі және қамтамасыз ету сипаты;
 - нақтылы ақша төлемейтін төлем айналымын ұйымдастыру;
 - ұлттық валютаның курсы, оны шетел валютасына айырбастау тәртібі
- Елдің ақша жүйесін реттеу жұмысын, осы жүйенің әртүрлі элементтерін үйлесімге келтіріп отыратын, қаржы-несие мекемелері

жүргізеді. Қаржы мекемелері ақшаны сақтау, несие беру және жиналған қаржыларды шотесептеріне аудару қызметтерін атқарады.

§3. ИНФЛЯЦИЯ ФЕНОМЕНІ

Сіздер мүмкін ата-әжелеріңнен, ересектерден «бұрынғы кезде 10 сомға көп зат сатып алуға болатын еді. Газды сусын 3 тиын, балмұздақ 5 тиын болатын, ал 1 сомың болса мейрамханада тамақтануға болатын» деген әңгімені естіген боларсыздар. Экономистер бұл жағдайды «сатып алушылық мүмкіндігі» немесе «ақша құны» ұғымдарымен түсіндіреді. Баға қымбаттаса, онда берілген ақшаға сатып алатын заттардың саны кемиді - ақшаның сатып алу мүмкіндігі азаяды. Баға арзандаса, ол мүмкіндік артады. Демек, баға өссе, ақша құны азаяды, ал баға төмендесе, ақша құны артады.

Ақшаның құнсыздануы салдарынан тауарлар бағаларының көтерілуі *инфляция* деп аталады. Инфляцияға қарама-қарсы дефляция бағаның жалпы төмендеуі болып табылады. Бағаның өсуінің бәсеңдеуі дезфляция деп аталады.

Инфляцияның пайда болуы көбіне ақша массасының артуы және тауарлардың азаюына байланысты. Тауарлар тапшы, ал қолдағы ақша көп болған жағдайда сұраныс ұсыныстан артады, бұл бағаның шарықтауына әкеледі. Бұл *сұраныс инфляциясы* деп аталады. Өнім өндіруге жұмсалатын шығындар құнының артуы да бағаның қымбаттауына соғады. Егер мұнай бағасы күрт қымбаттаса, мұнайды қолданатын фирмалар табысын кемітпеу үшін өз тауарының бағасын көтереді. Нәтижесінде инфляциялық серіппе пайда болады, бағаның көтерілуі жалақының өсуін талап етсе, жалақының өсуі бағаны көтереді. Бұл *шығындар инфляциясы* деп аталады. Сонымен қатар инфляцияға елдегі саяси жағдай да әсер етеді.

Экономистер инфляцияның *ашық және басыңқы* түрлерін қарастырады. Басыңқы инфляция бүркеме, жасырын формада жүреді, бағаны мемлекет реттейді, сондықтан тауарға сұраныстың өсуінде баға көтерілмейді. Басыңқы инфляция өнім сапасының төмендеуі, ассортимент құрылымының өзгеруі, тапшылықтың өсуі, кезекте тұрудың көбеюі арқылы көрінеді.

Инфляция ашық немесе айқын формада болып отырғаны бағаның өсуі, ұлттық валюта курсының төмендеуі арқылы көрінеді.

Инфляцияның жылдамдығына байланысты *баяу, секірмелі және гиперинфляция* ажыратылады. Тауар бағасы баяу өзгерсе, әдетте жылына 10%-ға көтерілсе, мұны баяу инфляция деп атайды. Ал секірмелі инфляция кездерінде бағаның өсуі жылына жүзден асып отырады. Гиперинфляция жағдайында бағаның өсуі 1000%-дан жоғарылайды және ақша айналымы бұзылады.

ҚОРЫТА КЕЛГЕНДЕ тауарлар мен қызметтердің төленімі үшін қолданылатын өтімді тауар ақша бола алады. Ақшаның сатып алушылық қабілеті баға ауытқуына тәуелді өзгеріп тұрады. Инфляцияға сұраныстың өзгеруі және өндіріс шығындарының өсуі де себепші болуы мүмкін. Инфляцияның кәсіпкерлерге (фирма), табысы бекітілген индивидтерге (отбасы) және тұтас экономика (мемлекет) тигізетін залалы көп. Сондықтан IV-ші тарауда фирманың қызмет ету негіздері сөз болады.

IV. ФИРМА ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ ОЛ ҚАЛАЙ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ?

Фирма нарықты экономиканың негізгі экономикалық агенті. Бір немесе бірнеше кәсіпорыннан тұратын, пайда табу үшін тауар мен қызметтер өндіріп шығаруға ресурстарды пайдаланатын ұйымды *фирма деп атайды*. Ал *кәсіпкерлік қызмет* деп барлық шаруашылық қызметті емес, тек тәуекелмен, ышғамен, іскерлікпен, дербестікпен, жауапкершілік және белсенді іздеумен байланысты шаруашылық қызметі саналады.

§1. ФИРМА ШЫҒЫНДАРЫ

Фирманың негізгі мақсаты барынша жоғары - пайда алу. Сонда мол пайда алу үшін кәсіпкер не істеу керек? Осы сұраққа жауап беру үшін, алдымен «шығындар» және «пайда» түсінігін анықтау қажет. Фирманың ұсыныс көлеміне әсер ететін басты фактор - оның шығындары.

Шығындар - өндірістік ресурстарды пайдаланудың ақшалай көрінісі, сатып алынған өндіріс факторларының төлемі. Іс тәжірибеде шығындарды тұрақты және өзгермелі деп бөледі. *Тұрақты шығындарға* (FC) осы мерзімде өндіріс пен өткізудің көлемі мен құрамына тәуелсіз шығындар жатады. *Өзгермелі шығындар* (VC) осы мерзімде өнімді өндіру мен өткізу мөлшерімен жалпы көлемі тікелей байланысты шығындар жатады: жалақы, шикізатқа, отында жұмсалатын және т.б. шығындар. *Жалпы шығындар* (TC) - тұрақты және өзгермелі шығындарының сомасы. $TC = FC + VC$

ҚОРЫТА КЕЛГЕНДЕ нарықтық экономика баға арқылы басқарылады. Баға сұраныс пен ұсыныс ауытқулары нәтижесінде өзгере отыра, сатушылар мен сатып алушыларға ишара жасайды. Сұраныс және баға арасындағы байланыс кері тәуелділікте, ал ұсыныс пен баға арасындағы байланыс тура тәуелділікте. Баға өзгерісінің сұранысқа әсер ету дәрежесі осы тауарға сұраныс икемділігіне байланысты. Сұраныс және ұсыныс көлемдері бір-біріне тепе-тең болған кезде, графикте осы қисықтардың қиылысқан нүктесінде тепе-теңдік бағасы қалыптасады. Сұраныс пен ұсыныс, басқаша айтқанда сатып алу және сату қатынастары ақша арқылы жүзеге асады. Сондықтан III тарауда ақшаға қатысты маңызды мәселелер қарастырылады.

«Ақша» дегенде алдымен сіздің ойыңызға қалтаңыздағы тиындар және қағаз ақшалар түседі. Алайда бүгінгі ақшалардың өзіндік пайда болу тарихы бар, оны әрбір экономикалық мектеп түрліше түсіндіреді. Қалай дегенде де ақшалар қашанда экономикада ерекше маңызды роль атқарады.

§1. АҚША ДЕГЕН НЕ?

Тауар өндірісінің алғашқы даму сатысында айырбас ақшаның көмегінсіз жүрген. Өндірушілердің бір-бірімен байланыстары бір тауарды басқа тауарға айырбастау, яғни *бартер* арқылы жүзеге асып отырған. Сондай-ақ әр түрлі халықтарда ақшаның тұнғыш формасы ретінде ерекше танымал айырбас құралдары қолданды. Мысалы, азық-түлік тауарлар (мал, шәй, бидай), аң терілері, қолөнер бұйымдары, т.б. болды. Бірақ осы тауарлар ақша форма ретінде кең тарамалды, өйткені барша территорияларда қызмет ете алмады. Бара-бара ақшаның ролін асыл металдар, алдымен кесек, содан соң монета түрлерінде атқарды (алтын, күміс, қола және т.б.). Бүгінгі күндерде бізге қағаз ақша танымал. Алғашқы рет қағаз ақша 812 ж. Қытайда пайда болды. Ал дүние жүзінде алғашқы банкноталар 1661 ж. Стокгольм қаласында шығарылған.

Міне осылай, экономикалық тарихи даму барысында, ақша пайда болды. Экономикалық тұрғыда, *ақша* - жалпы эквивалент ролін атқаратын, өтімділігі, яғни «жедел сатылып өткізілу қабілеті» жоғары ерекше тауар.

Экономикада ақшаның ролі мен маңызы оның атқаратын қызметтерінен көрінеді:

Ақшаның құн өлшемі ретіндегі қызметі. Ақша кез-келген заттың құнын бізге түсінікті түрде жеткізу үшін қолданылады. Мысалы, 1 кг алма 150 теңге тұрады десек, біз алманың құнын ақша арқылы өлшейміз. Заттың құнының ақшалай түрі, оның бағасы болып табылады.

Ақша - айналыс құралы қызметін атқарады. Бартерге негізделген экономикада сіз өзіңізге қажет тауары бар өндірушіні табуыңыз қажет және сіздің тауарыңыз оған қажет болуы керек («Мақта қыз» ертегісін есіңізге түсіріңіз). Ал, ақшаны қолданған жағдайда сіз өз тауарыңызды кез-келген адамға сатып, өзіңізге қажет тауарды кез-келген адамнан сатып аласыз. Демек, ақша - тауар айырбасын жеңілдетуші құрал.

Ақшаның қорлану (жинау) құралы (қазына) ретіндегі қызметі ақшаның болашақта сатып алу қабілетін сақтаумен байланысты. Өндірілген тауарды сатып өткізгеннен кейін ақша әдетте банкте, болашақта басқа тауар сатып алу мақсатында жинақталады. Бұл мақсатта ешкім алма жинамайды. Ақша аса өтімді болғандықтан, ол бай-

лықты сақтаудың қолайлы формасы болып табылады. Нарықтық жүйе қазынаның пайда әкелетін капиталға айналуына мүмкіндік береді, негізінен кредиттік жүйесі арқылы.

§2. АҚША ЖҮЙЕСІ

Ақша жүйесі - бұл әрбір елде тарихи түрде қалыптасқан және мемлекеттің заң бойынша белгілеген ақша айналысын ұйымдастырудың формасы.

Ақша айналысы - бұл төлем құралы мен айналыс құралы қызметтерін атқаратын ақшаның үздіксіз қозғалысы.

Ақша жүйесінің негізгі элементтері мыналар:

- ақша бірлігі мен баға масштабының атаулары;
- ақша белгілерінің түрлері, оларды шығару тәртібі және қамтамасыз ету сипаты;
- нақтылы ақша төлемейтін төлем айналымын ұйымдастыру;
- ұлттық валютаның курсы, оны шетел валютасына айырбастау тәртібі.

Елдің ақша жүйесін реттеу жұмысын, осы жүйенің әртүрлі элементтерін үйлесімге келтіріп отыратын, қаржы-несие мекемелері жүргізеді. Қаржы мекемелері ақшаны сақтау, несие беру және жиналған қаржыларды шотесептеріне аудару қызметтерін атқарады.

§3. ИНФЛЯЦИЯ ФЕНОМЕНІ

Сіздер мүмкін ата-әжелеріңнен, ересектерден «бұрынғы кезде 10 сомға көп зат сатып алуға болатын еді. Газды сусын 3 тиын, балмұздақ 5 тиын болатын, ал 1 сомның болса мейрамханада тамақтануға болатын» деген әңгімені естіген боларсыздар. Экономистер бұл жағдайды «сатып алушылық мүмкіндігі» немесе «ақша құны» ұғымдарымен түсіндіреді. Баға қымбаттаса, онда берілген ақшаға сатып алатын заттардың саны кемиді - ақшаның сатып алу мүмкіндігі азаяды. Баға арзандаса, ол мүмкіндік артады. Демек, баға өссе, ақша құны азаяды, ал баға төмендесе, ақша құны артады.

Ақшаның құнсыздануы салдарынан тауарлар бағаларының көтерілуі *инфляция* деп аталады. Инфляцияға қарама-қарсы дефляция бағаның жалпы төмендеуі болып табылады. Бағаның өсуінің бәсеңдеуі дезфляция деп аталады.

Инфляцияның пайда болуы көбіне ақша массасының артуы және тауарлардың азаюына байланысты. Тауарлар тапшы, ал қолдағы ақша көп болған жағдайда сұраныс ұсыныстан артады, бұл бағаның шарықтауына әкеледі. Бұл *сұраныс инфляциясы* деп аталады. Өнім өндіруге жұмсалатын шығындар құнының артуы да бағаның қымбаттауына соғады. Егер мұнай бағасы күрг қымбаттаса, мұнайды қолда-

натый фирмалар табысын кемітпеу үшін өз тауарының бағасын көтереді. Нәтижесінде инфляциялық серіппе пайда болады, бағаның көтерілуі жалақының өсуін талап етсе, жалақының өсуі бағаны көтереді. Бұл *шығындар инфляциясы* деп аталады. Сонымен қатар инфляцияға елдегі саяси жағдай да әсер етеді.

Экономистер инфляцияның *ашық және басыңқы* түрлерін қарастырады. Басыңқы инфляция бүркеме, жасырын формада жүреді, бағаны мемлекет реттейді, сондықтан тауарға сұраныстың өсуінде баға көтерілмейді. Басыңқы инфляция өнім сапасының төмендеуі, ассортимент құрылымының өзгеруі, тапшылықтың өсуі, кезекте тұрудың көбеюі арқылы көрінеді.

Инфляция ашық немесе айқын формада болып отырғаны бағаның өсуі, ұлттық валюта курсының төмендеуі арқылы көрінеді.

Инфляцияның жылдамдығына байланысты *баяу, секірмелі және гиперинфляция* ажыратылады. Тауар бағасы баяу өзгерсе, әдетте жылына 10% -ға көтерілсе, мұны баяу инфляция деп атайды. Ал секірмелі инфляция кездерінде бағаның өсуі жылына жүзден асып отырады. Гиперинфляция жағдайында бағаның өсуі 1000%-дан жоғарылайды және ақша айналымы бұзылады.

ҚОРЫҒА-КЕЛІГЕНДЕ тауарлар мен қызметтердің төленімі үшін қолданылатын өтімді тауар ақша бола алады. Ақшаның сатып алушылық қабілеті баға ауытқуына тәуелді өзгеріп тұрады. Инфляцияға сұраныстың өзгеруі және өндіріс шығындарының өсуі де себепші болуы мүмкін. Инфляцияның кәсіпкерлерге (фирма), табысы бекітілген индивидтерге (отбасы) және тұтас экономика (мемлекет) тигізетін залалы көп. Сондықтан IV-ші тарауда фирманың қызмет ету негіздері сөз болады.

IV. ФИРМА ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ ОЛ ҚАЛАЙ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ?


Фирма нарықты экономиканың негізгі экономикалық агенті. Бір немесе бірнеше кәсіпорыннан тұратын, пайда табу үшін тауар мен қызметтер өндіріп шығаруға ресурстарды пайдаланатын ұйымды *фирма деп атайды*. Ал *кәсіпкерлік қызмет* деп барлық шаруашылық қызметті емес, тек тәуекелмен, ыштамен, іскерлікпен, дербестікпен, жауапкершілік және белсенді іздеумен байланысты шаруашылық қызметі саналады.

§1. ФИРМА ШЫҒЫНДАРЫ

Фирманың негізгі мақсаты барынша жоғары - пайда алу. Сонда мол пайда алу үшін кәсіпкер не істеу керек? Осы сұраққа жауап беру үшін, алдымен «шығындар» және «пайда» түсінігін анықтау қажет. Фирма-

ның ұсыныс көлеміне әсер ететін басты фактор - оның шығындары.

Шығындар - өндірістік ресурстарды пайдаланудың ақшалай көрінісі, сатып алынған өндіріс факторларының төлемі. Іс тәжірибеде шығындарды тұрақты және өзгермелі деп бөледі. *Тұрақты шығындарға* (FC) осы мерзімде өндіріс пен өткізудің көлемі мен құрамына тәуелсіз шығындар жатады. *Өзгермелі шығындар* (VC) осы мерзімде өнімді өндіру мен өткізу мөлшерімен жалпы көлемі тікелей байланысты шығындар жатады: жалақы, шикізатқа, отында жұмсалатын және т.б. шығындар. *Жалпы шығындар* (TC) - тұрақты және өзгермелі шығындарының сомасы. $TC = FC + VC$



1-сурет. Шығын қисықтары

Кәсіпкер үшін бірлігін шығаруға үшін жұмсалған шығындар, яғни орташа шығындар туралы ақпарат өте маңызды. Егер баға орташа шығындарға тең болса, фирма пайда алмайды. Егер баға орташа шығындардан жоғары болса, фирма баға мен шығындар арасындағы айырма мөлшерінде пайда табалады.

Орташа шығындар ($ATC = TC / Q$) - бұл шығарылған өнімнің бірлігіне жұмсалатын жалпы шығындар. *Орташа тұрақты шығындар*: $AFC = FC / Q$. *Орташа өзгермелі шығындар*: $AVC = VC / Q$

Фирма шығаруға мүмкіндігі бар өнімнің максималдылығын анықтау мақсатында шекті шығындар есептеледі. *Шекті шығындар* (MC) - бұл өнімнің қосымша бірлігін өндіру үшін қажет қосымша шығындар: $MC = ATC / A Q$.

§2. ФИРМА ПАЙДАСЫ

Фирманың негізгі мақсаты пайда алу болып табылады деп айтып кеттік. Пайда алдымен тауардың нарықтық сату бағасы мен оны өндіру үшін жұмсалған шығындардың айырмасы деп қарауға болады. Фирма пайдасы бірқатар қызметтерді атқарады. Олардың негізгілері:

- бөліп тарату - орындауға арналған бағдарлама мен стратегияларды қаржыландыру мақсатымен ақшалай қаражат қорларың құру, капиталдың оптималдық құрылымын қолдау, банкротқа ұшырып

қаушын төмендету; • ынталандыру - өндіріс шығындарын төмендету, инновация мен техникалық жаңалықтар еңгізу.

Пайданың мынадай түрлері бар:

- бухгалтерлік пайда - сыртқы шығындарды, яғни жекізушілерге ресурстар үшін төлем жасаған соң, жалпы ақша түсімінен қалған табыстың бөлшегі;

- экономикалық (таза) пайда - фирманың жалпы табысынан барлық шығындарды (сыртқы, ішкі) алып тастағаннан соң қалғаны;

- баланстық пайда - өнімді өткізуден түскен түсім мен материалдық шығындар, амортизация және жалақы сомасының айырмасы. Кейде баланстық пайда жалпы пайда деп атайды.

§3. БӘСЕКЕЛЕСТІК ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Тауар өндірушілер пайданы мол алу үшін, шаруашылық жүргізудің қолайлы жағдайына ие болу үшін, салада ұнамды нәтижеге жету үшін, бір-бірімен күреседі. Осы күрес бәсеке деп аталады. Бәсеке әр түрлі формада және әр түрлі жолдармен іске асырылады.

Бағалық бәсеке тауарлар мен қызметтерді бәсекелестің бағасына қарағанда төмен бағамен сатуға, ал *бағалық емес бәсеке* техникалық артықшылықтар арқылы жоғары сапалы және сенімді тауарларды сатуға негізделеді.

Нарықтық қатынастардың қатысушыларының өзара қалай бәсекелесуіне байланысты бәсеке нарығы жетілген және жетілмеген деп бөлінеді.

Жеке фирма өз өнімін өткізуде іс жүзінде нарықтағы айырбас жағдайларына ешқандай әсер ете алмаса, онда бұл - бәсекелік қабілеттің ең жоғарғы дәрежесі болып табылатын *жетілген бәсеке* деп аталады. Оған мынадай шарттар тән:

- жеке фирманың өндіріс мөлшері елеулі болмайды және ол фирма сататын тауардың бағасына әсер етпейді;

- өндірушілер біртекті тауарларды сатады;

- сатып алушылар баға туралы толық ақпаратқа ие болады;

- сатушылар өзара баға туралы келісім жасаспайды және әрекеттерін бір-бірімен келіспей жүргізеді;

- өндіруші фирмалардың салаға кіруі мен шығуына ешқандай кедергі жоқ.

Жоғарыдағы шарттардың кем дегенде біреуі орындалмайтын болса, бәсеке

жетілмеген деп саналады. Негізінен, жетілген бәсеке таза түрде болмайды. Жетілмеген бәсеке үш типке бөлінеді: монополиялық бәсеке, олигополия, таза монополия.

Таза монополия нарықта бір ғана сатушы болған кезде пайда болады. Олигополия жағдайында бірнеше ірі фирмалар өнім өндіру мен сатудың басым бөлігін монополиялап алады, бір-бірімен бағалық емес бәсекеде болады. Монополиялық бәсеке кезінде сатушылар мен сатып алушылардың саны - бірнеше, бірақ өнімнің дифференциациясы болады, яғни өнімді ұсыну оны бәсекелестің ұқсас тауарларынан ерекшелейді. Өнімді ерекшелейтін қасиеттер: өнімнің жоғары сапасы, әдемі орамы, жоғары деңгейдегі сервис және т.б.

ҚОРЫТА КЕЛГЕНДЕ фирма шығындарын мейлінше азайтуға, пайданы барынша артыруға ұмтылады. Осы ретте фирмалар арасында өзара бәсекелестік орыш алады. Бірақ шығындарды азайту қысқа және ұзақ мерзімді кезеңдерде ерекшеленеді. Қысқа мерзімде фирма өзгермелі шығындар, соның ішінде жалақы есебінен пайда алуға тырысады. Сондықтан V-ші тарауда отбасының табыстары, табыс көздері және шығыстарымен танысасыздар.

V. ОТБАСЫНЫҢ ТАБЫСТАРЫ ЖӘНЕ АҚШАЛАЙ ШЫҒЫСТАРЫ

Адамдардың басым бөлігі, соның ішінде сіздер мен біздер отбасының мүшесіміз. Бүгінде отбасы немесе үй шаруашылығы экономикалық теорияда ресурстарды тұтынатын, қажеттілігін қанағаттандыру үшін өнім өндіретін, шығындар жұмсайтын ерекше «уйым» ретінде қарастырылады. Ал отбасының экономикалық таңдау жасауында оның табысы елеулі әсер етеді.

§1. ОТБАСЫ ТАБЫСЫ

Әрбір отбасы немесе оның мүшелері өмір сүру үшін тауарларды сатып алуға ақшалай төлемдер жасайды. Азық-түлік, киім-кешек, тұрмыстық құралдар мен әртүрлі қызметтерді сатып алады, ол үшін белгілі бір табыс болуы қажет екені белгілі. Табыс дегеніміз адамдардың белгілі бір уақыт аралығында алатын ақшалай кірістерінің жиынтығы. Табыс ақшалардың ағынын сипаттайды және қоғам мүшелерінің әл-ауқатының маңызды көрсеткіші болып табылады. Өйткені табыс адамдардың материалдық және рухани құлдылықтарды пайдалану мүмкіншіліктерін анықтайды. Табыстар отбасы бюджетіне екі түрде - натуралды және ақшалай түсуі мүмкін. Мысалы, саяжайдан немесе ауылдық жерлердегі бау-бақшадан алынған жемістер мен көкөністер натуралды түрдегі табыс болса, оны рынокта сату ақшалай табысты әкеледі. Табыстардың мөлшеріне ақшалай түсімдердің мөлшері ғана емес, сонымен қатар рыноктағы бағалардың өзгеруі, рыноктың тауарлар мен қызметтерге толығымен әсер етеді.

§2. ТАБЫСТЫҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ

Халықтың, отбасының және жеке адамдардың алатын табыстары келесідей көздерден алынады:

- еңбек ету; еңбек етуге қабілеті бар отбасы мүшелері жалақы түрінде табыс алады;

- жеке меншік объектілері; оларды сату немесе жалға беру арқылы табыс алынады. Мысалы, жеке меншіктегі пәтерді белгілі бір мерзімге жалға беру;

- жеке кәсіпкерлік қызмет; Қазақстанда жеке кәсіпкерлікпен айналысуға барлық адамдарға (мемлекеттік қызметкерлерден басқа) рұқсат етілген. Сауда жасау, жолаушылар тасымалдау, құрылыс және т.б. пайда табу мақсатындағы қызметтер халық табыстарының елеулі бөлігін құрайды;

- зейнетақы төлемдері; зейнет жасындағы адамдар зейнетақы түрінде отбасы табысының бір бөлігін құрайды. Қазақстандағы экономикалық дағдарыс кезінде зейнетақы төлемдері отбасының негізгі табыс көзіне (әсіресе ауыл тұрғындары үшін) айналғаны белгілі;

- шәкіртақы төлемдері; жоғарғы оқу орындарында мемлекет қаржысымен оқитын білімгерлердің табысыш шәкіртақы құрайды. Соңғы жылдары бұл табыстың көрсеткіші екі есеге өскен;

- мемлекет тарапынан берілетін жәрдем ақы; мұндай төлемдер көп балалы отбасыларға, жұмыссыздарға, мүгедектерге жасалады;

- әртүрлі лотереялық ұтыстар, сыйлықтар, мұра ретінде алынатын мүліктер мен құқықтар.

§3. ОТБАСЫНЫҢ ШЫҒЫСТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨЗГЕРУ ЗАНДЫЛЫҚТАРЫ

Отбасы және оның мүшелері өздерінің ақшалай табыстарының мөлшерінде шығыстар жасайды. Жалпы алғанда отбасының шығыстары алғашқы қажетті: азық-түлік, киім, білім, демалыс, денсаулық сақтаудан бастап, отбасының жақсы өмір сүруі үшін маңызды, бірақ оларсыз да өмір сүруге болатын жиһаз, көлік, асыл бұйымдар мен эшекейлер және т.б. көптеген тауарлар мен қызметтерге жұмсалады. Сонымен қатар алғашқы - екінші ретті қажеттіліктер, сапалы-сапасыз тауарлар деп бөлу және оларға жұмсалатын шығыстардың мөлшерін анықтау аумақты немесе кедей отбасында әртүрлі болатынын ескерген жөн. Кедей отбасы үшін пайдалылығы өте жоғары, көп шығыстарды қажет ететін тауарлар, бай отбасы үшін олар күнделікті қолданыстағы затқа айналуы мүмкін.

Отбасының шығыстарын анықтауда келесідей көрсеткіштерді қолданады:

- ақшалай шығыс (жан басына шаққандағы ақшалай шығыс);
- тұлыну шығыстары (тұлыну тауарлары мен қызметтеріне жұмсалған шығыстар);
- азық-түлікке жұмсалған шығыстардың үлесі.

Отбасы шығыстарының мөлшері ғана емес, оның қаншалықты тиімді жұмсалғаны да маңызды. Сондықтан оларды тиімді жұмсауға мүмкіндік беретін білімдерді, ақпараттарды сатып алуға да шығыстар қажет. Басқаша айтқанда, тауарды сатып алу үшін, сол тауар туралы ақпарат беретін қызмет көрсетулерді сатып аламыз. Бұл қазіргі ақпараттық қоғамда өмір сүріп жатқан отбасылардың шығыстарының елеулі бөлігін құрайды. Экономикалық қолданыста мұндай шығыстарды «трансакциялық» деп атайды.

§4. ТАБЫСТАРДЫҢ ТЕҢСІЗДІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ

Отбасының байлығы мен өл-ауқаты табыстың мөлшеріне тығыз байланысты. Табыс пен байлықтың арасында тура (табыс деңгейі байлықтың мөлшерін анықтайды) және кері (байлық көп болған сайын, одан алынатын табыс та жоғары) байланыс бар.

Қоғам мүшелері арасындағы табыстардың теңсіздігі әртүрлі факторлардың әсерінен қалыптасады. Олардың ішінде: қабілеттердің (дене және интеллектуалдық) әртүрлі болуы, білім және біліктілік деңгейлеріндегі өзгешеліктер, еңбекқорлық пен құлшыныс, отбасының мәртебесі, көлемі және шыққан тегі, әртүрлі меншіктерді иеленуі және т.б. Сонымен қатар табыстың теңсіздігін туындататын бұл факторларды жалпы түрде адамдардың іс-әрекетіне тәуелді және тәуелсіз деп бөлуге болады. Өз табысын арттыру үшін адамдардың құлшыныстары мен еңбекқорлығы жеткіліксіз, өйткені қоғамда әртүрлі кедергілер мен заңсыз әрекеттер табыстардың әділетсіз бөлінуіне жағдай жасайды. Сондықтан мемлекет білім берудің, денсаулық сақтаудың жүйесін дамытады, құқықтарды қорғайтын заңдарды қабылдайды, ұлтына, жасы мен жынысына қарамастан жалпыға бірдей өмір сүру жағдайларын қалыптастырады.

Нақты табыстардың әртүрлі болуы нәтижесінде қажеттіліктер әртүрлі деңгейде қанағаттандырылады және табысы төмен, орта, жоғары отбасылар пайда болады. Әлемде даму деңгейлеріне қарамастан кез-келген елде бай мен кедей топтар өмір сүреді. Табыс теңсіздігінің салдары ретінде жіктелуі өскен қоғамда әлеуметтік күйзеліс немесе дағдарыс пен тұрақсыздық белгілері пайда болады. Кедейшілік сияқты өткір әлеуметтік мәселелер орын алады. Сол се-

бепті мемлекеттің ұлттық табысты қайта бөлу қызметінің маңызы жоғары.

ҚОРЫТА КЕЛГЕНДЕ отбасы әрі өндіруші, әрі тұтынушы ретінде экономика елеулі роль атқарады. Тұтыну өндіріске серпін беретіні сөзсіз, ал төлем қабілеті бар сұраныс отбасы табысының деңгейіне тәуелді. Отбасы табыстарындағы теңсіздіктің көптеген салдарлары бар. VI-шы тарауда сіздер мемлекеттің экономикадағы ролімен танысасыздар.

VI. МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Мемлекет рыноктағы фирмалардың пайда табуға бағытталған іс-әрекеттерінің теріс жақтарын болдырмау шараларын ұйымдастырады, сондай-ақ оларды бақылайды. Яғни, ауқатты және кедей халық топтарының араларындағы әлеуметтік, экономикалық, саяси алшақтықты төмендетуге, ұлттық қауіпсіздікті сақтауға, экологиялық мәселелерді шешуге, үкіметке деген сенімді жоғарылатуға қызмет етеді. Басқаша айтқанда, мемлекет қоғам топтары арасындағы мүдделер үйлесімділігін қамтамасыз ететін, ойын ережесін бекітуші және қадалаушы міндетін атқарады. Әлеуметтік бағдарланған рыноктық экономикада іс-әрекеттердің еркіндігін тәртіпке келтіру мен реттеу әлеуметтік үйлесімділік пен тұрақтылыққа жетуге бағытталған. Сондықтан, дамыған елдер экономикалық саясатты жүзеге асыру барысында рыноктық механизмнің теріс салдарын (жұмыссыздық, кедейшілік, инфляция) жоюға бағытталған бағдарламаларды жиі қолданады.

§1. МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ

Мемлекеттік қаржылардың негізін мемлекеттік бюджет құрайды. Бюджеттік жүйе өте күрделі механизм. Ол сол елдің ерекшелігін, оның әлеуметтік-экономикалық құрылысын, мемлекеттік құрылымын білдіреді.

Мемлекеттік бюджет үкімет қолындағы ақшалай қаражаттардың орталықтандырылған қоры. Әдетте ол 1 жылға жасалады. Бюджетте жинақталған ақшалалай қаржыларды мемлекет өзіне жүктелген қызметтерді: мемлекетті басқаруды, ұлттық қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз етуді, әлеуметтік жәрдем ақы беруді, білім мен ғылымды дамытуды жүзеге асыруға жұмсайды. Сонымен қатар, бюджет экономиканы мемлекеттік реттеудің, ұлттық шаруашылыққа ықпал етудің, дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асырудың аса күшті құралы болып табылады.

Мемлекеттік бюджет екі қызмет атқарады: қаржыларды бөлу және бақылау. Бюджетке жинақталған қаржыларды мемлекет бөлу қызметі арқылы әртүрлі мақсаттарға пайдаланады. Ал бақылау қыз-

меті экономиканың әртүрлі салаларындағы ақшалай ресурстардың қалыптасуын, жинақталуын және оларды тиімді пайдалануын жүзеге асырады.

Кез-келген мемлекеттің бюджеті ақшалай табыстар мен шығыстардан тұрады. Өзінің құрылымы жағынан бюджеттің шығысы мынадай бөлімдерден тұрады: мемлекетті басқару шығыстары, әскери шығыстар, ішкі және сыртқы қауіпсіздік шығыстары, элеуметтік-экономикалық мақсаттағы шығыстар, мемлекеттік кәсіпорындарды қаржышандыру шығыстары, ауыл шаруашылығын дамыту шығыстары, сыртқы экономикалық қызметтердің шығыстары.

Мемлекеттік бюджеттің табыстары орталық және жергілікті органдар жинайтын салықтардан, кеден бажышан, мемлекеттік қарыздардан, шетелдік трансферттік төлемдерден, жекешелендіруден және мемлекеттік мүліктерді жалға беруден жинақталады. Мемлекеттік бюджет табысының негізгі бөлігі салықтардан құралады.

§2. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ

Экономикалық өсу дегеніміз- қоғамдық өндірістің өсуі және саналы түрде жетілдірілуі. Экономикалық өсу белгілі бір уақыт аралығындағы ұлттық экономиканың дамуын сипаттайды.

Экономикалық даму оң және теріс экономикалық нәтижеде болуы мүмкін. Ал, экономикалық өсу экономикалық дамудың оң нәтижесі болып табылады.

Ол екі тәсілмен шешілуі мүмкін:

1. Өндірістік мүмкіншіліктерді арттыру (жаңа ресурстарды, өндіріс процесінде жаңа мүмкіншіліктерді қолдану).
2. Қолда бар өндірістік мүмкіншіліктерді тиімді пайдалану және қоғамдық қажеттіліктерді жетілдіру (темекі шегуге, нашоқорлыққа қарсы күрес, спортпен шұғылданду, мәдениетті дамыту).

Қазіргі экономикалық өсуге тән белгілер: жан басына шаққандағы табыс өседі, білім деңгейі жоғарылайды, аграрлық сектордың үлесі азаяды, урбанизация процесі жеделдейді, экспорттың үлесі артады, жинақтың үлесі өседі, экономика мен элеуметтік-саяси даму арасында тығыз байланыс орнайды.

Айта кету керек, экономикалық өсудің қарқыны мен экономикалық өсу сапасының жоғарылауы арасында белгілі бір алшақтық болады. Өсудің жоғары қарқыны өсу сапасының төмендеуі арқылы да болуы мүмкін.

Мысалы, жұмыс күнінің ұзаруы немесе еңбек интенсивтілігінің өсуі өз кезегінде экономикалық өсу сапасына кері әсер етеді, яғни бос уақытты азайтады. Керісінше, төмен және теріс экономикалық өсу

қарқынды өсімі мен өнім шығару негізінде тұтынушы қанағаттандырумен қатар жүруі мүмкін. Сондықтан да, экономистердің ойынша өсу аса жоғары қарқынды (9-10%) болса да, төмен (2-3%) болса да, экономикалық өсудің тұрақты қарқыны болу керек.

Экономикалық өсу өндіріс көлемі мен сұраныс мөлшері өскен экономикалық жағдайды сипаттайды және күлдьфауға қарсы тұрады. Сонымен қатар, ол экономикалық саясаттың басты мақсаты болып табылады және экономиканың төмен-жоғары ауытқуын жоя алмағанның өзінде, оны азайтуға бағытталады.

Экономикалық өрлеу әдетте жалпы ұлттық өнімнің өсуімен (пайызбен есептеледі) есептеледі. Бұл өлшем өнімнің мазмұнына және статистикалық ақпараттың сапасына байланысты болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Экономикалық теория. Оқу құралы / Я.Ә. Әубәкіров, Б.Б. Байжұмаев, Ф.Н. Жақышова, Т.П. Табеев. - Алматы: Қазақ университеті, 1999. - 280б.

2. Экономикалық теория. Оқулық / Әубәкіров Я.Ә, Нәрібаев К.Н., Есқалиев М.Д., Жатқанбаев Е.Б., және басқалар. Алматы, 2004.

3. Жалпы экономикалық теория. Оқулық / Шеденов Ә.Қ. Жүнісов Б.О. және басқалар. Алматы, 2002.

4. Қолданбалы экономика. Жоғары класс оқушыларына арналған оқу құралы. Алматы, №5 КТМ, 1997

5. Общая экономическая теория (политэкономия). Учебник. Российская экономическая академия им. Г.В. Плеханова, под ред. академика В.И. Видяпина, академика Г.П. Журавлевой. - М, 1995.

6. Экономикс. / Р.Макконел, С. Брю. Перевод с англ. Москва 1997.

7. Волков С.Д., Корнейчук Б.В., Любарский А.Н. Экономика: сборник задач. М.: Рольф, 2002.

6. ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

I-тарау Ізденіс сұрақтары:

1. Экономика - бұл адамдардың шексіз қажеттіліктерін қанағаттандыру барысында шектеулі ресурстарды рационалды бөлу мәселелерін зерттейтін ғылым. Сіздің ойыңызша, экономиканың алдында тұрған осы мәселені қалай шешуге болады?

2. Экономика, шаруашылық, рынок ұғымдарын өзара байланыстыратын қандай процестер?

3. Аралас экономиканың белгілері мен мемлекеттің қызметтерін атаңыз.

Қайталау сұрақтары:

1. Экономикалық ресурстарға нелер жатады?

2. Өндіріс факторлары дегеніміз не?


3. Экономикалық жүйенің басты міндеті неде?

Жаттығулар:

1. Шағын аралда бес адам тұрады екен деп жорамалдайық. Олар банан және жұмыртқа жинаумен айналысады. Күніне олардың әрқайсысы 20 банан және 10 жұмыртқа жинайды.

а) графикте осы аралдың экономикасының өндірістік мүмкіндігінің қисығын сызыңыздар.

2. Суретте ӨМҚ берілген.



Анықтау керек:

- М, А, В және С нүктелері нені білдіреді?
- Қайсы нүкте болашақ тауарларға артықшылық беріледі?
- Қайсы нүкте қазіргі тауарларды көрсетеді?
- Болашақ экономикалық өсу қайсы игіліктен бас тарту арқылы мүмкін?

Н-ТАРАУ Ізденіс сұрақтары:

- Икемді және икемсіз сұраныстарға мысал келтіріңіз.
- Орындықтардың бағасы өскен жағдайда ұсыныс қисығы қалай өзгереді?
- Салық деңгейі көтерілген жағдайда тепе-теңдік бағасы қалай өзгереді? **Қайталау сұрақтары:**

- Рыноктың негізгі элементтерін атаңыз.
- Сұранысқа қандай факторлар әсер етеді?
- Ұсыныс неліктен өзгереді?

Жаттығулар:

- Кестеде нарықтағы әртүрлі жағдайларда, консервленген асбұршақтың көлемі туралы деректер берілген.

Баға (тенге)	Сұраныстың көлемі	Ұсыныс көлемі (жылшына млн)
8	7	1
1	0	0
6	6	3
7	0	0

а) осы кесте бойынша сұраныс пен ұсыныс қисықтарын тұрғызындар.

б) осы нарықтағы асбуршактың тепе-теңдік бағасын анықтаңыздар.

2. Тәмендеп кестеден өзгерістер сұраныс пен ұсынысқа қалай әсер етеді? Олардың әсер етуін сұраныс пен ұсыныс қисықтары арқылы сипатта (өзгеріс енгізілетін бағанға белгі қойыңыз).

Өзгерістер (басқа шарттар турақты)	Сұраныс қисығы қозғалады	Сұраныс қисығын ын бойынша	Ұсыныс қисығы қозғалады	Ұсыныс қисығының Бойымен қозғалады
1) Бәсекелес тауардың бағасының өзгеруі 2) Жаңа технологияның енгізілуі 3) Тауар сәнінің				

3. 1 литр бензиннің бағасы 30 теңге болғанда, тұтынушы бір жетіде 40 литр алады дейік, ал баға 40 теңгеге дейін көтерілгенде, сұраныс көлемі 30 литрге кемиді. Көрсету керек:

а) графиктік түрде сұраныс көлемінің және сұраныстың өзгеруін көрсетіңіздер.

б) тауарлардың түрін анықтаңыздар.

Ш-ТАРАУ Ізденіс сұрақтары:

1. Әлемдік жетекші қандай валюталарды білесіз, олар туралы ойыңыз қандай?

2. Қағаз ақшалардың құнсыздануға бейімділігі оны кемшілігі ме, әлде?

3. Металл ақшаларды қағаз ақшалардың ауыстыруын қалай түсіндіруге болады?

Қайталау сұрақтары:

1. Ақшаның пайда болу себептері қандай?

2. Ақшаны ақша ететін қандай қасиеттер?

3. Ақшаның қандай қызметтерін білесіз?

4. Ақша неліктен жалпыға бірдей эквивалент рөлін атқарады?

5. Қағаз ақшалар неліктен құнсызданады?

6. Инфляцияның пайда болу себептері қандай? Инфляцияның түрлерін жіктеп, ерекшеліктерін түсіндіріңіз

Жаттығулар:

1. Кестеде келтірілген деректер бойынша мыналарды анықтаныздар:

Көрсеткіштер	Сомасы, млрд. тенге
Шағын мерзімді салымдар	1630
Ірі мерзімді салымдар	645
Шектік салымдар	448
Шектік емес жинақ салымдары	300
Қолма қол акциялар	170

IV-тарау Ізденіс сұрақтары:

1. Шағын кәсіпкерліктің қоғам үшін алатын маңызы мен өзіндік ерекшеліктері қандай?

2. Бизнес қандай экономикалық мәселелерді шешеді?

1.3. Қазақстанда шағын бизнесті дамыту үшін қандай жағдай жасалуы тиіс? **Қайталау сұрақтары:**

1. Кәсіпкерліктің қасиеттерін атаңыздар.

2. Өндіріс шығындары қалай жіктеледі?

3. Тұрақты және өзгермелі шығындарға жататын фирманың нақты шығындар баптарын мысалға келтіріңіздер.

Жаттығулар:

1. Кестедегі берілген рыноктың негізгі үлгілерінің тән белгілерін толтырыңыздар:

Рынок үлгілері				
Белгілері	Таза а	Монополия лық бәсеке	Олигополи ия	Таза монополи я
1. Фирмалар				
2. Өнімнің				
3. Бағаға бақылау				
4. Салаға				
5. Бағалық емес				

2. Қысқа мерзімде фирма 500 дана өнім өндіреді. Орташа өзгермелі шығындар 200 мың тг., ал орташа тұрақты шығындар 500 мың тг.. Жалпы шығындар көлемін табыңыз.

4. Фирманың жалпы шығындары мына формуламен көрсетілген:
 $TC = 50 + 3Q^2$. Өнім көлемі 8-ге тең. Табыңыз:

- тұрақты шығындарды;
- орташа жалпы шығындарды;
- орташа өзгермелі шығындарды;
- шекте шығындарды.

V-тарау Ізденіс сұрақтары:

1. Отбасының негізгі экономикалық қызметі қандай?

2. Салық деңгейі көтерілген жағдайында отбасының табыс көлемі қалай өзгереді?

3. Кедейшілік нәліктен пай да болады?

Қайталау сұрақтары:

1. Табыстың көздерін атаңыздар.

2. Табыстағы теңсіздіктің себебі неде?

3. Трансферт дегеніміз не?

Жаттығулар:

1. Өз отабыңыздің бюджетің талдаңыз. Отбасында табыс және шығындардың қандай жаңа бағыттары пайда болады?

2. Серік, Әлия, Жанар бірінші курста сәкесінше 10, 20 және 25 мың табыс алды. Ал екінші курста 15, 14 және 35 мың теңге алды. Бір жылдың ішінде табыс теңсіздігі қалай өзгерді?

VI-тарау Ізденіс сұрақтары:

1. Мемлекеттік реттеуді сынаушылар әдетте «еркін» рыноктың артықшылығын дәлелдеуге тырысады.

а) рынок абсолютті түрде еркін бола ала ма? Неден еркін болады?

б) ерген рынокта жалған ақшаларға тыйым салатын заңдар болса, онда рынок еркін емес деуге бола ма?

Пірірлеріңізді дәләлдеңіздер. **Қайталау сұрақтары:**

1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің себептері мен қажеттілігі неде?

2. Мемлекеттік қаржылардың шығыстары қайда бағытталған?

3. Мемлекеттік бюджеттің кіріс көздері неден тұрады?

4. Салықты не үшін төлейді?

5. Трансферттік төлемдерге не жатады?

Жаттығулар:

Дұрыс - дұрыс емес:

1) техникалық прогресс дамыған елдерде еңбек өнімділігін арттырудың негізгі факторы;

2) Қазақстанның табиғи ресурстары оның экономикалық өсуіндегі негізгі фактор;

3) өндірістік мүмкіндіктер қисығы солға жылжығанда, экономикалық өсу орын алады;

4) экономикалық өсу шексіз қажеттіліктер және шектелген ресурстар арасындағы қайшылықты күшейтеді;

5) Экономикалық өсу - халықтың өмір сүру сапасын арттыру шарты;

б) Салықтар және басқа да салымдар мемлекет бюджетінің кірісін құрайды;

7) Мемлекет қаржылары тек қана әлеуметтік трансферттерге жұмсалады.

Ғылыми - зерттеу жұмыстарының тақырыптары:

1. Экономика ғылымының пайда болуы және дамуы
2. Экономиканың негізгі мәселелері: не, қалай, кім үшін.
3. Аралас экономика - ең тиімді шаруашылық жүйе.
4. Рыноктың мәні, пайда болуы шарттары және дамуы.
5. Жеке меншік рыноктық айырбастың алғы шарты ретінде.
6. Рынок тепе-теңсіздігі: тапшылық және артықшылық.
7. Фирма экономикалық тұлға ретінде
8. Фирманың ұйымдық формалары
9. Фирманың шығындары және табыстары.
10. Жетілген бәсеке нарығы: негізгі белгілері және артықшылықтары
11. Мемлекеттің экономикаға араласу қажеттілігі.
12. Монополияға қарсы заңдар: маңызы және қолданылу механизмі.
13. Өндіріс факторлары: мәні, негізгі сипаттамалары.
14. Теңге - Қазақстан Республикасының ақша бірлігі.
15. ҚР Ұлттық банкі: ұлттық экономикадағы ролі және атқаратын қызметтері.
16. Қазіргі ақшалардың даму ерекшеліктері (кредитті, электронды ақшалар).
17. Инфляцияның әлеуметтік экономикалық салдарлары.
18. ҚР-да отбасы бюджетінің қалыптасуы және бөліну сипаттамалары.
19. Қазақстандағы экономикалық өсу мәселесі: бағыттары, факторлары.
20. Мемлекеттік қарыз түсінігі: мәні және түрлері.

Содержание

Е.Б. Жатқанбаев, М.Э. Бимендиева, Ғ.Р. Дәулиева, Б.Ж. Кекілов Экономиканың негіздері.....	3
--	---

**ЗОЛОТАЯ СЕРИЯ
ФАКУЛЬТАТИВНЫХ КУРСОВ
ДЛЯ СРЕДНИХ ШКОЛ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Технический редактор Г.Н. Сейтахметова
Компьютерная верстка М.А. Ескожинова
Дизайнер Е.С. Нурбаев

Подписано в печать 10.10.2006 г.

Гарнитура Times.

Формат 29,7 × 42¹/₄. Бумага офсетная.

Усл. печ. л.1,12. Тираж 250 экз.

Заказ № 0050

Научный издательский центр
Павлодарского государственного университета
им. С.Торайгырова
140008, г. Павлодар, ул. Ломова, 64.

